



МУХТАР- АЗАЛЫ

№10
(2181)
Сенбі
3 ақпан
2024 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АУДАННЫҢ ДАМУ ЖОСПАРЫ ҚАРАЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен Қазалы ауданының даму жоспарын қарау жөніндегі кеңес өтті. Оған аудан әкімі Мұхтар Оразбаев, орынбасарлары және облыстық басқарма басшылары қатысты.

Аймақ басшысы Қазалы ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуындағы өткен жылы байқалған оң динамиканы атап өтті.

«Негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша Қазалы ауданының өсу динамикасы тұрақты. Негізгі капиталға салынған инвестициялар 22,5 млрд. теңгені құрап, 107,5% болды. Бюджет қаражатына тәуелділік төмендеген. Бюджет қаржысы 99,9% игерілген. Қазалы аудандар бөлінісінде 2-орынға тұрақтады. Өз кірісі 2022 жылы 2,1 млрд. теңге болса, 2023 жылы 2,6 млрд. теңгеге өскен. Жүйелі



жұмыстардың қарқыны биыл да төмендемеуі тиіс», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

М.Оразбаев алдағы уақытта жүзеге асырылатын жобалар туралы баяндады. Ауданның 2024 жылғы бюджеті 11,1 млрд. теңге, оның 2,6 млрд. теңгесі – өз кірістері,

қалған 8,5 млрд. теңгесі – субвенция және трансферттер. Қазалылықтардың өмір сүру сапасын арттырып, қолайлы орта қалыптастыру үшін биыл 17 нысанның құрылысы жаңадан басталады. Бұл жобаларға 2,3 млрд. теңге қаржы бөлінді.

Кеңесте облыстық басқарма басшылары ауданның даму жоспарына қатысты ұсыныс-пікірлерін айтты. Мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру, негізгі экономикалық индикаторларға қол жеткізу, нысандар құрылысын салу, инфрақұрылымды дамыту мәселелері талқыға түсті.

Жиын қортындысымен аудан әкіміне биылға межелеген көрсеткіштерді орындау тапсырылды. Тұрғындардың өтініш-пікірлеріне назар аударып, кері байланыс орнату қажеттігі ескертілді. Жобалардың тиімділігі мен маңыздылығы терең зерделенуі тиіс.

Сондай-ақ, облыстық басқарма басшыларына «Ауыл – ел бесігі» жобасын іске асыру, аудандық маңызы бар жолдарды жөндеу және салу, инфрақұрылым желілерін әрі қарай дамыту бойынша міндеттер қойылды.

18 ЖАҢА НЫСАН САЛЫНАДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен Қазалы ауданының даму жоспарын қарау жөніндегі кеңесте аудан әкімі Мұхтар Оразбаев халыққа қолайлы орта қалыптастыру мақсатында биыл 18 жаңа нысанның құрылысы салынатынын айтты.

Бұл жобалар үшін 2,2 млрд. теңге қаржы қаралды.

Оның ішінде «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы бойынша 10 жобаға 1,2 млрд. теңге, «Моно және шағын қалаларда инфрақұрылымды дамыту» бағдарламасы бойынша 2 жобаға 180 млн. теңге, «Газ объектілерін дамыту» бағдарламасы бойынша 2 жобаға 352 млн. теңге, «Кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы бойын-

ша 2 жобаға 169 млн. теңге, «Коммуналдық тұрғын үй қорынан осал топтарға тұрғын үй сатып алу» бағдарламасы бойынша 1 жобаға 266 млн. теңге, «Мемлекеттік ғимараттарды салу» бағдарламасы бойынша 1 жобаға 1,4 млн. теңге қаралды.

Аталған жобалардан бөлек, сараптаманың оң

қортындысын алған 5 жобаның құжаты дайын. Олар – Әйтеке би кентіне салынатын тұрғын үйлерді инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету, атап айтқанда, электрмен жабдықтау, жол салу, Қ.Пірімов аулының жеке тұрғын үй секторының инженерлік инфрақұрылымы және Ү.Түктібаев аулын электрмен жабдықтау жобасы.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ӨРКЕНДЕТУ ЖОБАЛАРЫ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен Қазалы ауданының даму жоспарын қарау жөніндегі кеңесте аудан әкімі Мұхтар Оразбаев елді мекендердің инфрақұрылымын дамыту жобаларына тоқталды.

Биыл Қазалы ауданында бұл бағытта 6 жоба жүзеге асырылмақ. Атап айтқанда, Абай елді мекеніндегі орамшілік газ желілерінің құрылысына Ұлттық қордан 25,4 млн. теңге қаралды. Былтыр құрылысты бастау үшін 41 млн. теңге бөлінген болатын. Жалпы құны – 343

млн. теңге.

Қазалы ауданының Ақтан батыр, Жанқожа батыр, Бекарыстан би, «Майдакөл», Ү.Түктібаев елді мекендеріне газ құбырын тарту, Қазалы қаласының, Қожабақы елді мекенінің электр желілері мен қондырғыларын қайта жаңғырту республикалық, облыстық бюджеттен қаржыландырылды.

«РЗА» АҚ-ның «Қазалы ауданында 184,29 гектар суармалы жер учаскесін құру» жобасының сыртқы инфрақұрылым объектілерін, яғни сорғы станцияларын

салуды, жаңбырлатқыштарды электрмен жабдықтау республикалық бюджеттен қолдау тапты. Әйтеке би кентінің электр желілерін қайта жаңғыртуға облыстық бюджеттен қосымша 32 млн. теңге қажет.

Автомобиль жолдары бойынша 5 жоба ұсынылды. Әйтеке би кентіндегі Бегім ана, Сырым батыр көшелерін күрделі жөндеуге, Жанқожа батыр және Әйтеке би көшелерін қайта жаңғыртуға қаржы бөлінді. Мұнан бөлек, Қазалы қаласы көшелерін қайта жаңғырту, Түктібаев

аулының Бейбітшілік және Б.Әбдіразақов көшелерін орташа жөндеу үшін қажетті қаражат қаралған.

Аталған жобалардан бөлек, аудан әкімі бірқатар көшені салу және күрделі жөндеу қажеттігін атап өтті. Оның ішінде аудандық маңызы бар 22 шақырым «Бозкөл – Тасарық» автомобиль жолын орташа жөндеу ұсынысы қолдау тапты. Жобаның болжамды қаржысы – 830 млн теңге.

**Қызылорда облысы
әкімінің баспасөз
қызметі**

КӨКТЕМГІ ДАЛА ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ДАЙЫНДЫҒЫ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаевтың төрағалығымен көктемгі дала жұмыстарына дайындық барысы жөнінде мәжіліс өтті.

Мәжілісті ашып, жүргізіп отырған аудан басшысы:

«Бытырғы жылы аудан бойынша 17 377 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары орналастырылды. Су тапшылығы мен қолайсыз ауа-райына қарамастан, шаруалар мен тиісті мекеме мамандарының етене атқарған тынымсыз еңбегінің нәтижесінде астық өндірісінің көлемі 2022 жылмен салыстырғанда біршама өсті.

Биыл ауданда 17 377 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдарын орналастыру жоспарлануда» – деді.

Мұнан соң аудан әкімінің орынбасары Күнтілес Назымбеков биылғы егін егу жұмыстарына дайындық барысы туралы баяндады.



Басқосуда Мұхтар Әуесұлы соңғы жылдары Сырдария өзеніндегі қалыптасқан су тапшылығына байланысты, вегетациялық кезеңде қиындықтар туындағаны туралы әңгімеледі. Сондай-ақ, су тапшылығы кезінде су шаруашылығы мекемесінің

қызметкерлерінің қабылдаған шешімдерінің арқасында аталған қиындықтар еңсерілгенін атап өтті.

Ал осы жылы егінді суармалы сумен қамтамасыз етуге дайындық туралы "Қазалысушар" өндірістік учаскесінің директоры Нұрлан

Ерғалиұлы айтты.

Күн тәртібінде қаралған мәселелердің маңызды екенін айтқан аудан басшысы әлі де болса түйткілдердің бар екенін жасырмады. Яғни, егіс науқанын ойдағыдай өткізу үшін дайындықты пысықтап, көктемгі дала жұмыстарын оңтайлы мерзім ішінде жүргізуді қамтамасыз ету үшін қолда бар техникаларды толық жұмылдырып, пайдалану қажеттігін ескертті.

Сонымен қатар, барлық су нысандарын толық дайындыққа келтіріп, су жолдарын тазалау, егіске қажетті тұқым, қосалқы бөлшектер, тыңайтқыштар, гербицидтер және дизель отынымен дер кезінде қамтамасыз етуді де басты назарда ұстау керектігін айтты.

Мәжіліс соңында аталған мәселелерге қатысты жауапты сала басшыларына тапсырма жүктеді.

ЕСЕПШІГЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев 40 жылға жуық Қазалы аудандық білім бөлімінде бас есепші қызметін абыроймен атқарып келген Люба Өтемұратованы қабылдап, зейнет жасқа толған мерейтойымен құттықтады.

– Бухгалтер-экономист – көпшіліктің жүрегі дауалай бермейтін мамандық. Себебі, есеп-қисапта қателікке бой алдыруға болмайды. Ал Сіз алдымен ауыл шаруашылық, сосын білім саласында қырық жылға жуық өзіңізге жүктелген жауапты қызметтің ыстығы мен суығына төзіп, еңбекқорлығыңыздың арқасында ұжымдастарыңыздың ыстық ықыласына бөлендіңіз.

Бүгінде зейнет жасына жетіп, үлкен бір әулеттің ақылшы анасы болған Сіздің жүріп өткен еңбек жолыңыз кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге, – деген Мұхтар Әуесұлы мерейтой иесін ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін «Қазалы ауданының Құрмет грамотасымен» марапаттап, арнайы сый-сияпатын табыстады.

Мұнан соң аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш сөз алып, өзінің ыстық лебізін жеткізді.

Өз кезегінде Люба Өтемұратова мерейтойымен құттықтаған аудан басшысына алғысын айтып, шынайы ризашылығын білдірді.

ІС-ШАРА ӨТКІЗІЛЕДІ

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 26.01.2024 жылғы № 4359-24-5-29/1358 санды нұсқауына сәйкес, Қазалы ауданы полиция бөлімі, Жергілікті полиция қызметі хабарлайды, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы көлемінде 2024 жылдың ақпан айының 01-29 күндері аралығында «Браконьер» жедел-профилактикалық іс шарасы өткізіледі.

Осыған байланысты, қылмыстармен құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында, (сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген жануарлар мен өсімдіктер, аң аулау, киік, балық ресурстарына қатысты браконьерлік, ағаштар мен

бұталарды, сексеуілді кесу және сату, инертті материалдарды заңсыз табу) фактілерінің, олардың дериваттарының контрабандасы арналарының жолын кесу, табиғатты қорғау саласы бойынша кезекті іс шарасы өткізіледі.

Сондықтан аудан тұрғындарына жоғарыда көрсетілген мерзім ішінде заңсыз аң, балық аулауға тыйым салынғандығын ескерте отырып, заңсыз аң аулау және балық аулау деректері анықталған жағдайда тиісті заңнамағасәйкес қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілікке тартылатындығын хабарлайды.

Қазалы ауданы полиция бөлімінің Жергілікті полиция қызметі

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК САЙЛАУ КҮНІ АТАЛЫП ӨТТІ

Ақпан айының бірінші бейсенбісі – Дүниежүзілік сайлау күні. Соған орай аудандық білім бөлімінің мәжіліс залында жиын өтті.

Шараға аудан әкімі аппаратының басшысы Ринад Тілеп қатысып, саяси науқанда белсенділік танытқан бірқатар жандарға аудан әкімі Мұхтар Оразбаевтың құттықтауын жеткізіп, «Алғыс хатын» табыстады. Сондай-ақ, Қазалы аудандық сайлау комиссиясының ұжымына жүрек жарды лебізін білдіріп, мерекемен құттықтады.

– Өздеріңіз жақсы білесіздер, өткен жылдың басынан бері елімізде және ауданда саяси науқандар болып өтті. Сол тұста Сіздер сайлаудың заң талаптарына сай ашық әрі әділ өтуіне атсалысып, тәртіп бұзушылықтардың болмауы үшін жұмыс істедіңіздер. Соның нәтижесінде жыл соңында облыстық сайлау комиссиясының шешімімен «Жыл үздігі – 2023» номинациясын иелендіңіздер.

Бұдан бөлек, ардагеріміз Жаппарберген Жалғасбаев сайлау жүйесіне елеулі үлес қосқаны үшін аймақ

басшысының «Алғыс хатымен» марапатталса, Қазалы аудандық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Қазиманбаев Орталық Сайлау Комиссиясының «Құрмет грамотасын» иеленді. Бұл Сіздер атқарған жұмыстың еленгені, лайықты бағаланғаны, – деді Ринад Ибайдуллаұлы.

Мұнан соң Қазалы ауданының құрметті азаматы Жаппарберген Жалғасбаев пен білім саласы ардагерлер ұйымының төрағасы Серік Қуанышбаев көпшілікке жылы лебізін

жеткізді.

Басқосуда аудандық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Аманбай өткен жылдағы жұмыстарға қысқаша тоқталып, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарған ардагерлер мен белсенділерге алғысын айтты.

Айта кетейік, шарада аудан әкімінің «Алғыс хатынан» бөлек, Облыстық сайлау комиссиясы төрағасының «Алғыс хатын» иеленгендер де болды.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

ТҰТЫНУШЫЛАР ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ ҚОРҒАУДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ

Күн сайын дерлік біз әртүрлі тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып аламыз, бірақ олар әрдайым сапалы бола бермейді. Кейде сатып алушының құқықтары сатып алудан бұрын, сатушылар тауардың техникалық сипаттамалары туралы дұрыс емес ақпарат берген кезде бұзылады.

Осыған байланысты тұтынушыны нарықтық қатынастарда барынша қорғау мақсатында тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнамаға үнемі өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп отырылады. Осы ретте уәкілетті орган заң жобасын әзірледі, ол бүгінгі таңда Мәжілісте қаралуда.

Атап айтсақ, тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заң жобасына тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі Омбудсмен институтын енгізу және заңнамалық бекіту есебінен тұтынушылардың құқықтарын қорғау жүйесін институционалдық күшейту.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі Омбудсмен институтының міндеті барлық тұтынушының әрқайсысын тыңдау, қызмет барысында тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласының жүйелік проблемаларын зерделеу және анықтау, сондай-ақ тұтынушылардың дауысы

ретінде қызмет атқару, бұл туралы мемлекеттік биліктің ең жоғарғы эшелондарына мезгіл-мезгіл тікелей ба-яндау, осы проблемаларды шешу жөніндегі ұсыныстар енгізу болып табылады. Омбудсмен институтының функцияларына кәсіпкермен туындаған тұтынушы құқықтары мәселелері бойынша сотқа дейінгі реттеу, әйтпесе - тұтынушылардың мүдделері мен құқықтарын қорғау үшін талап қоюмен сот орган-дарына жүгіну, егерде тұтынушылардың құқықтарына нұсқан келтіруі мүмкін бол-са немесе олардың мүдделері қозғалса, әзірлеуші мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің салалық жоба-ларын әзірлеуге белсенді қатысу, азаматтарды тұтынушылардың құқықтары мәселелері бойынша құқықтық сауаттылықты арт-тыру және ағарту болып та-былады.

2020 жылы "Тұтынушылардың құқықтарын қорғау тура-лы" Заңға түзетулер қабылданып, олар үкіметтік емес ұйымдар мен бизнесті тарта отырып, тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың біртұтас жүйесін құруға ықпал етті, оның ішінде тұтынушылардың шағымдарын қараудың төрт сатылы алгоритмі енгізілді. Бұл ретте сондай-ақ азаматтың сотпен кедергісіз қорғалуына

конституциялық құқығын еске-ре отырып, тұтынушылардың шағымдарын қараудың қолданыстағы алгоритмін, екі сатылы алгоритміне, тұтынушылық даудың тарап-тары арасындағы дауларды тек қана сотқа дейінгі рет-теу мүмкіндігін сақтай оты-рып, құқықтары бұзылған тұтынушыны сотқа талап қою алдында мемлекеттік органға жүгінуге міндеттемеу ұсынылды.

Қолданыстағы Заң салалық заңдармен рет-телген қаржылық, әлеуметтік, медициналық, туристік және өзге де қызметтер салаларындағы тұтынушылардың құқықтарын қорғауда қолданылмайды. Осыған сәйкес, адам өмірінің барлық салаларында тұтынушылардың құқықтарын қорғау мақсатында тұтынушылардың құқықтарын қорғау қағидаларын тұрғын үй-коммуналдық тұтыну, бай-ланыс, туризм, мәдениет, са-уда, көлік және тұтыну үшін көрсетілетін қызметтердің өзге де салаларында қолдану ұсынылды.

Онлайн саудаға қатысты тұтынушылардың электрондық сауда сегментіне шағымдарының саны өсті.

Осыны ескере отырып, заң жобасымен шарттарда тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын және оларға қысым жасай-

тын талаптарға жол бермеуді бекіту, сондай-ақ құқықтық олқылықтарды жою, атап айтқанда, тауарларды сату мақсатында пайдаланылатын интернет-ресурстарды «са-уда объектілеріне» теңестіру ұсынылды.

Тұтастай алғанда, тұтынушылардың құқықтарын қорғау тура-лы заңға ұсынылатын түзетулер тұтынушының қанағаттанушылығын қамтамасыз етіп, әлеуметтік тепе теңдікті қалыптастыруда оң нәтиже береді. Әзірленген жаңашылықтарды заңнамалық тұрғыдан бекіту тұтынушылардың құқықтарын қорғау жүйесін неғұрлым жоғары сапа-лы деңгейге көтереді және қазақстандықтардың өміріне жағымды өзгерістерге әкеледі.

Сонымен қатар, тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың бірыңғай ақпараттық жүйесіне, яғни e-tutynushy.kz сайтында ұялы телефон немесе компью-тер арқылы әр тұрғын өзінің бұзылған құқықтары тура-лы мәлімдей алады және кәсіпкерлерге Smart QR қосылуға болады.

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Қызылорда облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті

ПОТРЕБИТЕЛИ НУЖДАЮТСЯ В ПОВЫШЕННОЙ ЗАЩИТЕ

Практически каждый день мы приобретаем различные то-вары (работы, услуги) но не всегда они бывают надлежа-щего качества. Иногда случа-ется, что права покупателя на-рушаются еще до покупки, когда продавцы предоставляют недо-стоверную информацию о тех-нических характеристиках това-ра.

В связи с этим в целях мак-симальной защиты потребителя в рыночных отношениях в зако-нодательство о защите прав по-требителей вносятся изменения и дополнения. При этом уполномо-ченным органом разработан законопроект, который сейчас находится на рассмотрении Ма-жилиса.

В частности, институцио-нальное укрепление системы защиты прав потребителей за счет введения института омбуд-смена по защите прав потреби-телей в проект закона о защите прав потребителей и законода-тельного утверждения.

Задача Института Омбуд-смена по защите прав потреби-телей – заслушивать каждого потребителя, изучать и выявлять системные проблемы в сфе-ре защиты прав потребителей в ходе своей деятельности, а

также выступать голосом по-требителей. время от времени отчитываться непосредствен-но перед высшими эшело-нами государственной власти и решать эти проблемы – это вносить рекомендации. В функ-ции института омбудсмена входит досудебное регулиро-вание вопросов прав потреби-телей, поднимаемых пред-принимателями, в противном случае - обращение в судебные органы с иском о защите инте-ресов и прав потребителей, если это может затрагивать права потребителей или затрагивать их интересы, активное участие в разработке отраслевых про-ектов нормативных правовых актов развивающихся государ-ственных органов, заключается в повышении правовой гра-мотности и просвещении граж-дан по вопросам прав потреби-телей.

В 2020 году были приня-ты поправки в Закон «О защите прав потребителей», которые с участием общественных орга-низаций и бизнеса способство-вали созданию единой систе-мы защиты прав потребителей, включая введение четырехсту-пенчатой системы защиты прав потребителей. алгоритм

работы с жалобами потребите-лей. При этом, учитывая кон-ституционное право граждани-на на беспрепятственную защиту со стороны суда, рекомендоует-ся не обязывать потребителя, права которого нарушены, об-ращаться в государственный орган до подачи иска, сохранив существующий алгоритм рас-смотрение жалоб потребителей, двухэтапный алгоритм, воз-можность досудебного регу-лирования споров только между сторонами потребительского спора.

Действие настоящего Зако-на не распространяется на за-щиту прав потребителей в сфе-ре финансовых, социальных, медицинских, туристических и других услуг, регулируемых от-раслевым законодательством. Соответственно, в целях защи-ты прав потребителей во всех сферах жизнедеятельности человека предлагалось при-менять принципы защиты прав потребителей в жилищно-ком-мунальном потреблении, свя-зи, туризме, культуре, торговле, транспорте и других сферах ус-луг, предусмотренных для по-требление.

В сегменте электронной ком-мерции увеличилось количе-

ство жалоб потребителей на он-лайн-покупки.

С учетом этого предлагалось утвердить в договорах запрет претензий, нарушающих права и законные интересы потреби-телей и оказывающих на них давление, а также устранить правовые проблеммы, в част-ности, приравнять интернет-ре-сурсы, используемые для цель продажи товаров «объектам торговли».

В целом предлагаемые по-правки в закон о защите прав потребителей дадут положи-тельный эффект по обеспече-нию удовлетворённости потре-бителя, созданию социального баланса. Законодательное за-крепление разработанных нов-шеств выведет систему защи-ты прав потребителей на более качественный уровень и повле-чет благоприятные изменения в жизни казахстанцев.

Также в единой информа-ционной системе защиты прав потребителей e-tutynushy.kz, каждый гражданин может за-регистрироваться и сообщить о своих нарушенных правах с по-мощью мобильного телефона или компьютера, а также пред-приниматели могут подклю-читься с помощью Smart QR.

АУДАНЫНЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛЫ ҚАНДАЙ ДӘРЕЖЕДЕ?

Қазалы ауданының санитариялық-эпидемиологиялық ахуалы қандай дәрежеде? 2023 жылы 4948 инфекциялық және паразитарлық аурулар тіркелген. Атап айтқанда 77 қызылша ауруы, 2 коронавирус, 5 вирусты гепатит «А» ауруы, 4 жедел ішек инфекциясы, 14 астан улану, 9024 жедел респираторлы вирусты инфекция, 2 тұмау, 1 сал, 17 желшешек, 7 скарлатина, 45 алғаш анықталған туберкулез, 176 жануардан жарақаттану, 42 кене шағу, 18 энтеребиоз, 1 педикулез, 11 дерматомикоз, 4 қышыма және 13 мерез аурулары есепке алынды.

Аудан көлемінде аса қауіпті құтырма, Конго Қырым геморрагиялық қызбасы және оба аурулары тіркелген жоқ.

Тіркелген ауру ошақтарына санитариялық-эпидемиологиялық зерттеу жұмыстары жүргізіліп, аурулармен қарым-қатынаста болған адамдар медициналық бақылауға алынды. Науқастар жеке бас гигиенасын сақтамауынан, дұрыс сақталмаған тағам өнімдерін қолданудан, бау бақша өнімдерін пайдаланудан және тағы басқа себептермен ауру жұқтырады.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің «Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік қызметті көрсетудің кейбір мәселелері туралы» 2020 жылғы 30 желтоқсандағы №ҚР ДСМ-336/2020 бұйрығына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсетілуде, өтініш үлгілері және зертханалық зерттеулердің түрлерінің тізімі көрнекі жерге ілінген.

2023 жылы «Е-лицензия» жүйесі арқылы жеке және заңды тұлғалардан санитариялық-эпидемиологиялық қортынды алуға 94 өтініш түскен, оның 39-ы санитариялық-эпидемиологиялық қорынды алған, 55-і дәлелді бас тартқан.

«Е-өтініш» жүйесі арқылы 12 арыз-шағым қабылданды. Тіркелген өтініштерге, арыз-шағымдардың иелеріне жауап уақытылы қайтарылып, қанағаттандырылды.

Басқарма бойынша жүргізілген тексерулердің нәтижесімен 11 әкімшілік хаттама толтырылып, 1259250 теңге көлемінде айыппұл салынып, өндірілді. Ауданның санитариялық-эпидемиологиялық жағдайы аудан әкімшілігінде өткізілген штаб мәжілісінде қаралып, 8 хаттама шығарылды.

Аудан тұрғындарына, жеке кәсіпкерлерге, медициналық қызметкерлерге, білім беру ұйымдарының мамандарына инфекциялық және паразитарлық аурулардың алдын алу мақсатында 53 семинарлық сабақ жүргізілді. 4 акция, 334 лекция оқылып, 99 радиолекция, 735 әңгіме өткізілді. Сонымен қатар, бұқаралық ақпарат құралдарына 50 мақала, әлеуметтік желілерге 1046 ақпарат жарияланған.

Ғ.САРЫҚҰЛОВ,
Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы

ЕҢБЕК ШАРТТАРЫН ЕСЕПКЕ АЛУДЫҢ БІРЫҢҒАЙ ЖҮЙЕСІ ТУРАЛЫ

Қазіргі таңда жұмыс берушілер тарапынан электрондық еңбек шарттарын жасауы қарқын алып Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесі (ЕШЕБЖ) арқылы енгізілуде.

Электрондық еңбек шарты – бұл жазбаша түрде жасалатын еңбек шартының дәстүрлі нысанына қосымша нұсқа.

Еңбек шарттарын тіркеу «hr.enbek.kz» порталы арқылы жүзеге асырылады.

Ол үшін «hr.enbek.kz» электрондық еңбек порталында (бұдан әрі - ЭЕБ) тіркелу қажет, кәсіпорын туралы мәліметтер ЭЦҚ-мен расталуы керек.

ЕШЕБЖ негізгі артықшылықтары:

Қағаз құжаттарды жинау қажеттілігінің болмауына байланысты жұмысқа орналасу процесін жеңілдету;

Шарттың болуын, қорға жарналар мен аударымдарды көрсету, сондай-ақ жұмыс берушінің қызметкер алдындағы міндеттемелерін қамтамасыз ету арқылы әлеуметтік тәуекелдерден қорғау.

Шарттар екі тілде жасалуы мүмкін: қазақ және орыс.

Электрондық үкіметтің жеке кабинетінде «Еңбек қызметі» бөлімінде ағымдағы еңбек шарты туралы ақпаратты тексеріп көруге болады. Онда кәсіпорынның атауы, шарттың жасалған күні, нөмірі және лауазымы көрсетіледі.

ЕШЕБЖ-те/ден мәліметті ұсыну және алу тәртібі:

Жұмыс беруші жұмыскермен еңбек шартын жасасу және тоқтату, оған енгізілетін өзгерістер немесе толықтырулар туралы ақпаратты ЕШЕБЖ-ге енгізуге міндетті.

Жұмыс беруші ЕШЕБЖ-ге кадрлық қамтамасыз етуді ЕШЕБЖ-мен интеграциялау арқылы немесе «Электрондық еңбек биржасы» мемлекеттік ақпараттық порталы немесе ЕШЕБЖ-мен интеграцияланған еңбек шарттарын есепке алуды автоматтандыруға арналған басқа ақпараттық жүйелер арқылы ақпарат енгізеді:

Жұмыскер мен еңбек шартын жасасу және тоқтату туралы;

Еңбек шартына енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы;

Еңбек шарттары туралы міндетті мәліметтер:

Тараптардың деректемелері: жұмыс берушінің жеке тұлғаның ЖСН немесе жұмыс берушінің – заңды тұлғаның БСН, жұмыскердің ЖСН;

Белгілі бір мамандық, кәсіп, біліктілік немесе лауазым бойынша жұмыс (еңбек функциясы);

Жұмыс орындау орны;

Еңбек шартының мерзімі;

Жұмыстың басталу күні;

Шарттың жасалған күні және реттік нөмірі;

Еңбек шарттары туралы қосымша мәліметтер:

Жұмыс уақыты мен демалыс режимі;

Еңбек шартын бұзуға негіздер;

Мәліметтерді жұмыс беруші немесе жұмыс берушінің актісі бойынша осы міндет жүктелген кадрлар бөлімі ұсынады.

Толық мағлұмат алу үшін бөлімнің 23-2-62 байланыс телефонына хабарласуға болады.

Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі

SKILLS.ENBEK.KZ ПЛАТФОРМАДА ОНЛАЙН ОҚУҒА БОЛАДЫ

Өз ісін бастауды жоспарлап отырған және жұмыс істеп жүрген мамандарға арналған курстарда Skills.enbek.kz платформасы арқылы онлайн режимде бизнес жүргізу үшін базалық білім мен дағдыларды ала алады.

Skills.enbek.kz платформасында ([https:// skills.enbek.kz/](https://skills.enbek.kz/)), тегін онлайн курстардың мазмұны қосымша кеңейтілгенін ескере отыра сұранысқа ие мамандықтарды дамыту бойынша мемлекеттік және орыс тіліндегі 475 курс платформасында (барлық мамандық бойынша) тегін оқуға болады.

Оқыту онлайн-форматта өтеді. Оқыту барысында лекцияларды тыңдай отырып материалдарды жүктеп алып, үй

тапсырмасын орындап отыру қажет.

Курста қажетті бағыттар мен немесе дағдылар бойынша курсты таңдап ала аласыз.

Курста жұмыс тәжірбиесі бар және бейіндік дағдыларды, сондай-ақ оларды тиімді пайдалану ерекшеліктерін терең меңгергісі келетін кәсіпқойлар мен мамандарға жұмыс істеу үшін жаңа дағдыларды игеруге мүмкіндік береді.

Толық мағлұмат алу үшін 21-9-75 немесе 23-2-62 байланыс телефондарына хабарласуға болады.

Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.

Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11113 дана.